

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ**

«Бекітемін»

Болашақ университетінің
ректоры т.ғ.д., профессор

_____ Ө.Үмбетов

«_____» _____ 2017ж

**БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНА
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда, 2017

БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2017 ЖЫЛҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Аталған Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №111 қаулысымен бекітілген және 2012 жылғы 19 сәуірдегі №487 Қаулысымен, 2012 жылғы 30 маусымдағы №896, 2013 жылғы 12 ақпандағы №110, 2014 жылғы 5 шілдедегі №769, 2017 жылғы 6 сәуірдегі №174 Қаулысымен өзгерістер енгізілген «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары» бойынша әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Болашақ университетіне (ары қарай университет) жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) және жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар азаматтар қабылданады.

2. Жоғары оқу орындарында студенттер контингентін қалыптастыру мемлекеттік білім беру тапсырысы (білім беру гранты) негізінде, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа қаражат көздері есебінен оқуға төлем жасау арқылы жүзеге асырылады. Білім беру грантын Қазақстан Республикасының азаматымен тең дәрежеде Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар мен басқа мемлекет азаматы болып табылатын қазақ ұлтының өкілдері мемлекеттік тапсырыс негізінде егер олар жоғары білімді бірінші рет алатын жағдайда (әскери оқу орындарына қатыссыз) байқау бойынша алуына мүмкіндігі бар. Басқа шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар жоғары оқу орындарына (бұдан әрі - ЖОО) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық шарттарға сәйкес қабылданады.

3. Жоғары оқу орындарына азаматтарды қабылдау Ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі - ҰБТ) немесе Кешенді тестілеудің нәтижесі бойынша берілген сертификаттағы ұпайларға сәйкес конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

4. Кешенді тестілеу өткен жылдардағы жалпы орта білім (орта жалпы) беру орындарының түлектеріне, техникалық және кәсіптік білім беру орындарының (бастауыш және орта кәсіптік, ортадан кейінгі) бітірушілеріне, халықаралық оқушылар алмасу желісі бойынша шетелде оқыған жалпы білім беретін мектеп бітірушілеріне, сондай-ақ оқу орнын шетелде бітірген азаматтарға 17-23 шілде аралығында өткізіледі.

4-1. Қайта кешенді тестілеу ақылы негізде жоғары оқу орнына қабылдау мақсатында осы Үлгілік қағидалардың белгіленген шекті балды алмаған ҰБТ және кешенді тестілеу қатысушылары үшін, сондай-ақ ҰБТ мен кешенді тестілеуге қатыспаған адамдар үшін 19-24 тамыз аралығында өткізіледі.

4-2. Қосымша кешенді тестілеу жоғары оқу орнына ақылы негізде қабылдау мақсатында қайта кешенді тестілеу нәтижесі бойынша шекті балды алмаған шартты түрде қабылданған студенттер үшін өткізіледі.

5. Азаматтарды ақылы негізде оқуға қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білімі бар (колледждер) азаматтарды ұқсас мамандықтарға ақылы қысқартылған мерзімде қабылдау кешенді тестілеудің қорытындысы негізінде жүзеге асырылады. Ұқсас мамандықтар тізімін ҚР БЖҒМ бекітеді. Жоғары білімі бар азаматтарды жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзімде оқуға қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы әңгімелесу негізінде жүзеге асырады.

6. Шығармашылық мамандықтарға қабылдауда шығармашылық емтихандар есепке алынады.

7. Шығармашылық мамандықтарға өтініштерді қабылдауды 20 маусым мен 7 шілде аралығында ЖОО қабылдау комиссиялары жүзеге асырады. Шығармашылық мамандықтарға түсетін азаматтар тек қана бір шығармашылық мамандықты көрсетеді.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының бітірушілері немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Шығармашылық мамандықтарға жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

8. 5B010400 – «Бастапқы әскери дайындық», 5B010600 – «Музыкалық білім», 5B010700 – «Бейнелеу өнері және сызу», 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт», 5B040900 – «Хореография», 5B042100 – «Дизайн», 5B050400 – «Журналистика» мамандығына тапсырушылар университеттің қабылдау комиссиясына шығармашылық емтихандар тапсырады. Шығармашылық емтихандар саны екіге тең.

Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық емтихан 8-13 шілде аралығында өткізіледі.

Жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Шығармашылық емтихан бойынша 15-тен төмен (жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі құжаттары бар адамдар) немесе 5-тен төмен балл алған (жеделдетілген оқу мерзімімен

қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар) немесе емтиханға келмеген адамдарға осы мамандыққа түсу үшін КТ-ге және мемлекеттік білім тапсырысын (білім беру грантын) беру конкурсына қатысуға рұқсат етілмейді.

9. Білім беру грантын алу байқауына қатысу үшін талапкер университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- арнайы бланкіде жазылған өтініш;
- білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- ҰБТ немесе кешенді тест бойынша сертификат;
- жеңілдіктері бар екенін анықтайтын құжат (бар болған жағдайда);
- 3x4 пішініндегі 2 фотосурет;
- 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- фотосуреті бар жеке куәліктің көшірмесі.

1-1. Мамандықтар тізбесі және арнаулы немесе шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

10. Шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтарға түсушілер өздері таңдаған жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін шығармашылық емтихандар тапсырады.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының бітірушілері немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Педагогикалық мамандықтарға түсушілер жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін арнаулы емтихан тапсырады.

10-1. Педагогикалық мамандықтарға түсу кезіндегі арнаулы емтихан талапкерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін айқындауға бағытталған.

10-2. Шығармашылық емтихандар талапкерлердің бойында шығармашылық қабілеттердің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгеруге тұлғалық алғышарттардың болуын анықтауға бағытталған.

10-3. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан өткізілетін мамандықтар тізбесі осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бекітіледі.

10-4. Педагогикалық мамандықтарға түсушілер бір арнаулы емтихан тапсырады.

10-5. Шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтарға түсушілер екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары

бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

10-6. Талапкерлерден педагогикалық мамандықтарға түсу үшін оқуға түсушілерден өтініштер қабылдау және арнаулы емтихан өткізу жоғары оқу орындарында 20 маусым мен 18 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Арнаулы емтихан 11-15 шілде аралығында өткізіледі.

10-7. Талапкерлерден шығармашылық емтихандар тапсыру үшін өтініштер қабылдау өздері таңдаған жоғары оқу орындары орналасқан мекенжай бойынша 8 шілде мен мен 13 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан 10-13 шілде аралығында өткізіледі.

10-8. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бекітіледі.

10-9. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен емтиханды өткізу кезеңіне комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

10-10. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

10-11. Талапкер арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

10-12. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

10-13. Жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

10-14. Шығармашылық емтихан бойынша 15-тен төмен (жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

құжаттары бар адамдар) немесе 5-тен төмен балл алған (жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсуші адамдар) немесе емтиханға келмеген адамдарға осы мамандыққа түсу үшін КТ-ге және мемлекеттік білім тапсырысын (білім беру грантын) беру конкурсына қатысуға рұқсат етілмейді.

10-15. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – бағалау ведомостарымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

10-16. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

10-17. Арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге қабылдану орны бойынша жоғары оқу орнына ұсыну үшін ведомостан үзінді беріледі.

10-18. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады

10-19. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтиханды тапсырушы адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

10-20. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

10-21. Жоғары оқу орындары меншік нысанына қарамастан күнтізбелік бес күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

2. Кешенді тестілеуді өткізу

11. Жергілікті жерде ұйымдастыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін талапкерлердің

кешенді тестілеуін ұйымдастыру мен өткізу жөнінде мемлекеттік комиссиялар (бұдан әрі - мемлекеттік комиссия) құрылады.

12. Кешенді тестке қатысу үшін оқуға тапсырушы қабылдау комиссиясына арнайы бланкіде жазылған өтініш, жалпы орта (орта жалпы) білімі туралы аттестат немесе кәсіптік және техникалық білімі жөніндегі (бастауыш немесе орта кәсіптік, ортадан кейінгі) диплом (түпнұсқа); 3x4 пішініндегі 2 фотосурет; 086-У нысанындағы медициналық анықтама; жеке куәліктің көшірмесін тапсыруы қажет.

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштер 01 маусымнан 20 маусым аралығында қабылданады. Кешенді тестілеу 17-23 шілде аралығында өткізіледі. Кешенді тестілеуге келген талапкер жеке куәлігін растайтын құжат (паспорт) және емтиханға кіру рұқсаттаманы көрсетуі тиіс.

12-1. Қайта кешенді тестілеуге қатысу үшін оқуға түсуші жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш, жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы құжат (түпнұсқа), тестілеуді өткізу үшін ақы төлегені туралы түбіртек, 3x4 көлеміндегі екі фотосурет, 086-У нысанындағы медициналық анықтама, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, сондай-ақ ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификатын (бар болса) тапсырады.

12-2. Қосымша кешенді тестілеуге қатысу үшін шартты түрде қабылданған студент жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш, тестілеуді өткізу үшін ақы төлегені туралы түбіртек тапсырады.

13. Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдауды 01 маусым мен 20 маусым аралығында, қайта кешенді тестілеуге - 1-8 тамыз аралығында, шартты түрде қабылданған студенттердің қосымша кешенді тестілеуге қатысуы үшін - 5-12 қаңтар аралығында жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүргізеді.

14. Кешенді тестілеу 17-23 шілде аралығында, қайта кешенді тестілеу – 19-24 тамыз, шартты түрде қабылданған студенттер үшін қосымша кешенді тестілеу – 20-24 қаңтар аралығында өткізіледі.

15. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін ҰБТ және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін кешенді тестілеу оқуға түсушілердің қалауымен мемлекеттік немесе орыс тілінде екі бөлім бойынша өткізіледі:

1) 1-бөлім – Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі);

2) 2-бөлім – екі бейіндік пән.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері тестілеуді бір бөлім –

Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша өз қалауымен мемлекеттік немесе орыс тілінде тапсырады.

Таңдау пәндері және ҰБТ мен кешенді тестілеудің бейінді пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

16. Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін кешенді тестілеу оқуға түсушілердің қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде екі бөлім бойынша өткізіледі:

- 1) 1-бөлім – жалпы бейіндік пән;
- 2) 2-бөлім – бір бейіндік пән.

17. кешенді тестілеуге 3 сағат 50 минут бөлінеді. Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін кешенді тестілеуге 1 сағат 40 минут беріледі.

18. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын меңгерген білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін тест тапсырмаларының саны:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша – 20;
- 2) математикалық сауаттылық бойынша – 20;
- 3) оқу сауаттылығы бойынша (оқу тілі) – 20;
- 4) әр бейіндік пән бойынша – 30 болады.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін тест тапсырмаларының саны:

- 1) жалпы бейіндік пән бойынша – 20;
- 2) бейіндік пән бойынша – 40 болады.

19. Әрбір бес жауаптан бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмасы – 1 балмен, көптеген ұсынылған дұрыс жауаптардан бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бары 2 балмен бағаланады.

20. ҰБТ немесе кешенді тестілеу бойынша ең жоғары балл – 140.

Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші адамдар үшін ҰБТ немесе кешенді тестілеу бойынша ең жоғары балл – 120.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін кешенді тестілеу бойынша ең жоғары балл – 70.

21. Дұрыс жауаптар коды тест нәтижелері өңдеуден өткеннен кейін ғана ілінетін болады.

22. Кешенді тестілеудің қорытындысын мемлекеттік комиссия оны өткізген күні жариялайды.

23. Кешенді тестілеудің қорытындысына сай әр қатысушыға арнайы үлгідегі мемлекеттік комиссия беретін сертификат тест өткен соң үш күнтізбелік күн ішінде жазылып беріледі.

24. Тест тапсырмаларын бағалау кезінде бірыңғай талаптарды сақтауды және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, кешенді тестілеуге қатысушылардың құқығын қорғау мақсатында тестілеу өткізу кезеңінде білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын апелляцияны қарау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – республикалық апелляциялық комиссия) және ҰБТ өткізудің әрбір пункті мен әрбір базалық жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

25. Апелляциялық комиссиялар кешенді тестілеудің нәтижелерімен және (немесе) тест тапсырмаларының мазмұнымен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады.

26. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

27. Апелляцияға берілетін өтінішті тестілеуге қатысушының өзі апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептер бойынша өтініштер ҰБТ және кешенді тестілеу нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия оларды бір күн ішінде қарайды. Өтініш берушінің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты, тестілеуге жіберу рұқсаттамасы болуы керек.

Апелляциялық комиссия әр адаммен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

Апелляциялық комиссияның жұмысын апелляциялық комиссияның төрағасы басқарады.

28. Тестілеудің нәтижесімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамамен ресімделеді.

29. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссияның адамға балдар қосу туралы ұсынысының негізділігін қарайды және шешім қабылдайды.

30. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

3. Университет студенті қатарына қабылдау

31. Жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары студенттер қатарына қабылдауды 10-28 тамыз аралығында өткізеді. Азаматтар жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиясына:

- жалпы орта (орта жалпы білім), кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі (түпнұсқа) туралы құжатын;

- 3x4 көлеміндегі 6 суретін;

- 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы және екпе картасын;

- ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарын, сондай-ақ білім беру гранты тағайындалғаны туралы куәлігін (ол болған жағдайда);

- білім беру қызметі көрсетілгені үшін төленетін төлемақының түбіртегі (егер ақылы түрге тапсырған жағдайда);

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар келесі құжаттардың бірін:

1) еңбек кітапшасын;

2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған (бар болса) қызметтік тізімді (жұмысшының жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

3) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтаманы қоса береді.

Шартты түрде қабылдануға үміткер адамдар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білім туралы құжатын (түпнұсқа), 3x4 көлеміндегі 6 фотосуретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, қайта кешенді тестілеу сертификатын қоса береді.

32. Білім беру грантын жеңіп алған азаматтар өтініш жазып, университет ректоры бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

33. Университетке ағымдағы жылдың ҰБТ тапсырған жалпы орта білімі бар түлектері мен кешенді тестілеудің пәндерінен кемінде 50 балл, оның ішінде 1-бөлімнің әр бөлігі бойынша (Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі) – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 15 балл алған жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік) орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері қабылданады.

34. Жоғары оқу орындарына ақылы оқуға шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілерді қоспағанда, кешенді тестілеуден өткен, тестілеу нәтижелері бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде жалпы бейіндік пән бойынша – кемінде 5 балл, бейіндік пән бойынша кемінде 13 балл алған жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының бітірушілері қабылданады.

35. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының банкте қаралып жатқандығы туралы тиісті анықтаманы ұсынған кезде жоғары оқу орнының студенті қатарына қабылданады. Бұл ретте оған білім беру кредитін ресімдеу кезеңінде білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төлеуге жататын соманы төлеу мерзімі банктен анықтама алған кезден бастап төрт аптадан асырылмайды.

36. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың бірінші семестрі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

37. 2017 жылы Болашақ университеті осы Ережеде қарастырылмаған сұрақтарды университеттің қабылдау комиссиясы жеке өзі шешіп, хаттама толтырылады.

	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 1-қосымша
--	--

Арнаулы немесе шығармашылық емтихан өткізілетін мамандықтар тізбесі

Коды	Мамандықтардың атаулары
1	2
Арнаулы емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар	
5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
5B010200	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
5B010300	Педагогика және психология
5B010500	Дефектология
5B010900	Математика
5B011000	Физика
5B011100	Информатика
5B011200	Химия
5B011300	Биология
5B011400	Тарих
5B011500	Құқық және экономика негіздері
5B011600	География
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі
5B012000	Кәсіптік оқыту
5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
5B012500	Химия-Биология
5B012600	Математика-Физика
5B012700	Математика-Информатика
5B012800	Физика-Информатика
5B012900	География-Тарих
5B013000	Тарих-Дінтану
Шығармашылық емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар	
1	2
5B010400	Бастапқы әскери дайындық
5B010600	Музыкалық білім
1	2
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу
5B010800	Дене шынықтыру және спорт
5B020600	Дінтану

5B021500	Исламтану
5B040100	Музыкатану
5B040200	Аспаптық орындаушылық
5B040300	Вокалдық өнер
5B040400	Дәстүрлі музыка өнері
5B040500	Дирижерлеу
5B040600	Режиссура
5B040700	Актерлік өнер
5B040800	Эстрада өнері
5B040900	Хореография
5B041000	Сценография
5B041100	Композиция
5B041200	Операторлық өнер
5B041300	Кескіндеме
5B041400	Графика
5B041500	Мүсін
5B041600	Өнертану
5B041700	Сән өнері
5B042000	Сәулет
5B042100	Дизайн
5B042200	Баспа ісі
5B042300	Арт-менеджмент
5B050400	Журналистика
5B051400	Қоғамдық байланыс
5B090600	Мәдени-тынығу жұмысы
5B140100	Орындаушылық өнер
5B140200	Халық аспаптары
5B140300	Ән айту өнері

	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 2-қосымша
--	--

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны

Коды	Мамандықтардың атаулары	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны
1	2	3
Арнаулы емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар		
5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B010200	Бастауышта оқытудың	Педагогикалық жағдаятты шешу

	педагогикасы мен әдістемесі	
5B010300	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B010500	Дефектология	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B010900	Математика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011000	Физика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011100	Информатика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011200	Химия	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011300	Биология	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011400	Тарих	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011500	Құқық және экономика негіздері	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011600	География	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012000	Кәсіптік оқыту	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012500	Химия-Биология	Педагогикалық жағдаятты шешу
1	2	3
5B012600	Математика-Физика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012700	Математика-Информатика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012800	Физика-Информатика	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B012900	География-Тарих	Педагогикалық жағдаятты шешу
5B013000	Тарих-Дінтану	Педагогикалық жағдаятты шешу

Шығармашылық емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар			
1	2	3	4
5B010400	Бастапқы әскери дайындық	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорт ойындары
5B010600	Музыкалық білім	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
5B010800	Дене шынықтыру және	Мамандану бойынша	Жалпы дене даярлығы

	спорт	нормативтер	бойынша нормативтер
5B020600	Дінтану	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	Дін негіздері бойынша ауызша емтихан
5B021500	Исламтану	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	Ислам негіздері бойынша ауызша емтихан
5B040100	Музыкатану	Музыкалық әдебиет бойынша ауызша емтихан. Музыкалық тақырыптарды орындау	Гармония және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан
5B040200	Аспаптық орындаушылық	Соло бағдарламаны орындау	Гармония және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан
5B040400	Дәстүрлі музыка өнері	Соло бағдарламаны орындау	Гармония және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан. Гармония және этносольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан (домбыра мамандығы бойынша)
5B040500	Дирижерлеу	Дирижерлеу. Естіп талдау. Рояльда ойнау. Коллоквиум	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B040600	Режиссура	Жазбаша жұмыс	Ауызша емтихан немесе көрсетілім
5B040700	Актерлік өнер	Актерлік шеберлік, сахна тілі	Би, вокал немесе коллоквиум
5B040800	Эстрада өнері	Эстрада вокалы. Аспапшылар үшін бағдарлама орындау	Музыка теориясы бойынша ауызша емтихан, сольфеджио
5B040900	Хореография	Орындау шеберлігі	Хореография педагогикасы бойынша ауызша емтихан
5B041000	Сценография	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B041100	Композиция	Шағын нысанды жанрдағы шығармалардан көрініс. Музыкалық әдебиет бойынша	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант

		коллоквиум	
5B041200	Операторлық өнер	Практикалық жұмыс – павильонда және табиғатта түсіру	"Әлем және қазақ киносының тарихы" бойынша ауызша емтихан
5B041300	Кескіндеме	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B041400	Графика	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B041500	Мүсін	Сурет, мүсін	Композиция
5B041600	Өнертану	Жазбаша жұмыс	Өнертану бойынша ауызша емтихан
5B041700	Сән өнері	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B042000	Сәулет	Сурет	Сызу
5B042100	Дизайн	Сурет	Сызу
5B042200	Баспа ісі	Еркін тақырыпқа жазбаша эссе	Мәтінді редакциялау
5B042300	Арт-менеджмент	Реферат немесе арт-жобаны таныстыру	Коллоквиум
5B050400	Журналистика	Шығарма	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу
5B051400	Қоғамдық байланыс	Еркін тақырыпқа жазбаша эссе	Ауызша презентация
5B090600	Мәдени-тынығу жұмысы	Орындау шеберлігі	Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері
5B140100	Орындаушылық өнер	Соло бағдарламаны орындау	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B140200	Халық аспаптары	Соло бағдарламаны орындау	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B140300	Ән айту өнері	Соло бағдарламаны орындау	Музыканың бастауыш теориясы бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
* - жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға оқуға түсушілер үшін.			